

Астана қаласы
әкімдігінің
«№3 мектеп-гимназия»
Шаруашылық жүргізу
құқығындағы мемлекеттік
коммуналдық кәсіпорны



Государственное коммунальное
предприятие
на праве хозяйственного
ведения
«Школа-гимназия №3»
акимата города Астаны

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2026 жылғы, 27 ақпан
Астана қаласы

№90 н/к
город Астана

Заңсыз ақша жинауға тыйым салу туралы

Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңының 9-бабы, сондай-ақ Астана қаласы Білім Басқармасының 2026 жылғы 27 ақпандағы №457 хаты негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Астана қаласы әкімдігінің «№3 мектеп-гимназия» ШЖҚ МКК-ның барлық қызметкерлер, педагогтер мен сынып жетекшілер:

1) Ата-аналардан (заңды өкілдерден) мыналар: жөндеу жүргізуге, құрал-жабдықтар мен жиһаздарды сатып алуға, мектепті жинауға, педагогикалық ұжымға сыйлықтар беруге, білім беру ұйымдарын аттестациялауға, әртүрлі мерекелік іс-шараларға және басқа да мақсаттарға ақшаны жинауға үзілді-кесілді тыйым салынсын;

2) педагогикалық ұжым және ата-аналар комитетінің мүшелері арасында мектептің, сыныптың, мерекелік іс-шаралардың қажеттіліктері үшін заңсыз ақша жинау мәселесі бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілсін;

3) заңсыз ақша жинауға жол берген директор орынбасарларына, есепшілеріне, сынып жетекшілеріне, мұғалімдеріне шара қолданылсын;

2. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасауды өзіме қалдырамын.

Директор



Э. Муханбедина